

# Үй тапсырмасы

**Тыйым сөздерді мұқият тыңдай отырып, көп нүктенің орнына етістіктерді жазыңыз.**

Ұмытып .... , есікті ... !

Үйде де, қайда да, пышақпен ... .

Босағада ... , көк шөпті .... .

Малды теппе, ақты .... .

Айтқан сөзді бағамда, .... кемтер адамға.

Өзім қумын ... , кісі ақысын .... .

Қашан да болсын есте, үлкеннің алдын .... .

# Өткен сабақты қайталау

1. Көмекші естістік дегеніміз не?
2. Медициналық тексеру дегеніміз?
3. *Машина ұзай берді. Допты алып, балаларға берді.*

Сөйлем етістіктің қандай түрі.

# **ЖҰМЫС ОРЫНЫМ**

**Анықтайтын, нақтылайтын  
сөздердің тәртібі.**

**Жұмыс орны** — бірлесіп жұмысты немесе операцияны орындайтын, жұмыскерлердің еңбек іс – әрекеті жасалатын, техникалық құралдармен жабдықталған кеңістік аймағы.

**Жұмыс орнын ұйымдастыру** — жұмыс орнын еңбек құралдары және заттарымен жабдықтау, оларды нақты бір тәртіппен орналастыру бойынша іс – шаралардың жиынтығы.



**Жұмыс аймағы** – жұмыскердің аяқ – қолдары жететін шеткі нүктелермен шектелген және жұмыс орнының шартты ортасынан бір – екі аттам ауытқуы мүмкін, жұмыс орны кеңістігінің бір бөлігі.

**Жұмыс орнын жоспарлау** – бөлме ішінде жұмыскерлерді, жиһазды және техникалық құралдарды орналастыру сұлбасы.



# Жаңа сабақ

**Анықтауыш** сөйлеген сөзімізге көрік, өң береді. Көркем шығармадағы табиғат көрінісін адам келбетін, мінез-құлқын суреттеуде анықтауыш ерекше орын алады. Мысалы: Қыс бойы сұрапылдың ойнағы болған белес-белес елсіз Итжан ақ көрпесін серпіп тастап, көк торғынға оранып жатыр.

## **Анықтауыштың негізгі белгілері.**

Зат есімнен болған мүшені сындық, сандық, иелік жағынан сипаттайды.

Соған сәйкес негізгі сұраулары: қандай? қай? қанша? неше? кімнің? ненің? Ілік септіктегі сөздер анықтауыш болады.

Өзі анықтайтын мүшесімен қабыса, матаса байланысады.

Сөйлемде зат есімнен не заттанған басқа сөз таптарынан болған мүшені сындық, сандық, иелік, қатыстық жағынан сипаттайтын тұрлаусыз мүшені **анықтауыш** дейміз.

**Төмендегі сөйлемдерде оңашаланған айқындауыштың қандай сөйлем мүшесін айқындап тұрғанын анықтаңдар.**

*Екі жақтан да көп кісі тұтқынға алынды. Көкшетаудағы саудагер құдасының жәрдемімен тергеу және сот орындарын сатып алды да, үкімде жазаға Курчанов ілікті, каторгіге айдалатын болды. Бірақ ол жауаптарында да, сот процесінде де айыпты мойына алып, абақтыға өзімен бірге жабылған Нұрмағамбетті ақтады, босаттырып жіберді.*

*Ендігі күресетін – Қыпшақ пен Керей. Керей мен Уақ – ағайындас. Тойда, аста олар бірге отырады.*

*Қалың көпшілік – арбалылар да, салттылар да, жаяулар да – соның соңынан шұбап, қыртысы қалың, жасыл көделі жердің шаңдағын аспанға шығарды.*

## **2. Персоналды оңтайлы орналастыру**

**мақсаты** — жұмысты орындауға жұмсалатын уақытты кеміту, қызметкерлердің орынсыз жылжуларын болдырмау, жұмыскерлердің күш салуы мен шаршауын кеміту және жақсы жұмыс жағдайларын қамтамасыз ету, берілген жер ауданын үнемді пайдалану және персоналдың еңбек өнімділігін барынша көтеру.



# Жұмыс бөлмелерін жоспарлау жүйелерінің түрлері

Кабинеттік

Залдық

Ұялы

⊗ **КАБИНЕТТІК** – БҰЛ ЖАҒДАЙДА СТРУКТУРАЛЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР ҒИМАРАТТЫҢ БӨЛЕК БІР ҚАБАТЫНДА, АЛ БӨЛІМДЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ БӨЛЕК БӨЛМЕЛЕРДЕ ОРНАЛАСАДЫ.

Артықшылығы:

Қызметкерлердің кіші топтары үшін шығармашылық орта мен қолайлы жағдайлар жасау.

Кемшілігі:

Жылыту және жарық беруге бағытталған шығындардың артуы және құжаттар айналымының маршрутының асуы.

⊗ **Залдық** — мұнда структуралық бөлімшелер мен өндірістер ғимараттың аса үлкен залдарында орналасады және қызметкерлер саны 100-ден асады.

Артықшылығы:

Ғимаратты салу мен оны пайдалануға жұмсалатын шығындар азаяды, оңтайлы басқару технологиясы қамтамасыз етіледі.

Кемшілігі:

Шығармашылық ортаны құру мүмкіндігі болмайды, әсіресе ғалымдар мен жетекшілер үшін, залдың іші шулы болады.

**Жұмыс орындарын жоспарлау** бөлмелердің ауданына, қызметкерлердің санына, 1 қызметкерге арналған аудан мөлшеріне және жоспарланған жиһаз бен құрал – жабдыққа қарай іске асырылады:

1.

Ғимараттың жалпы және пайдалы ауданы, бөлмелердің орналасуы ғимараттың жұмыс сызбаларынан анықталады.

2.

Қызметкерлер саны кәсіпорынның штаттық кестесі бойынша анықталады;

3.

Бір қызметкерге тиісті аудан мөлшері әр елде әртүрлі.

**Әр елдердегі жұмыс орындарының әр бөлмелерде орналасуы, м<sup>2</sup>.  
1 – кесте.**

<b>Қызметкерлердің категориялары</b>	<b>Ресей</b>	<b>АҚШ</b>	<b>Англия</b>	<b>Германия</b>	<b>Италия</b>
Кәсіпорын жетекшісі	24-55	37	37-42	40-50	40-50
Жетекшінің орынбасары	12-35	15-25	23-32	25-30	35-38
Бөлім бастығы	8-24	7-9	18-23	15-25	15-20
Басты (аға) маман	8-12	6-8	8-11	8-15	8-12
Маман	4-8	4-6	9	2-4	5
Хатшы	3-4	4-5	4-6	3-5	4-5

# Жұмыс бөлмелерін жоспарлау жүйелерінің түрлері:



Ұялы



бірізді



Кабинеттік



Залдық



... — жұмыс орнын еңбек құралдары және заттарымен жабдықтау, оларды нақты бір тәртіппен орналастыру бойынша іс – шаралардың жиынтығы.

А. Жұмыс орны

Б. Жұмыс орнын ұйымдастыру


В. Жұмыс орнын жоспарлау



Жұмыс орнын жоспарлау қандай құрылымдармен іске асырылады:




Бөлмелердің  
ауданына



Мазмұнына




Қызметкерлер  
санына



Құрал – жабдық  
түрлері



Белсенділік





# Сұрақтарға жауап бер

Сіздің жұмыс бөлмеңіз қандай?


Жұмыс орныңыздың, бөлмеңіздің қандай болғанын қалайсыз?

Жұмыс орныңызда жағдай жасалған ба?

Сіздің жұмыс жалақыңыз өзіңізге жете ме?

Өзіңіздің мамандығыңыз және жұмыс орныңызға көңіліңіз  
толады ма?





Жасыл  
Жұмысаймағы  
Металл  
Залдық  
Сары  
Оңтайлы  
Орташа  
Кабинеттік  
Ашық

1. «Қауіпсіздік» - шығуға арналған есіктер, медициналық пунктерге бағыттар, қауіпсіздік техникасы жөніндегі плакаттар қандай түспен боялады?
2. Жұмыскердің аяқ – қолдары жететін шеткі нүктелермен шектелген және жұмыс орнының шартты ортасынан бір – екі аттам ауытқуы мүмкін, жұмыс орны кеңістігінің бір бөлігі.
3. Қандай өңдеу бөлмелерінде ауа температурасы 15,,,16 °С тән.
4. Мұнда структуралық бөлімшелер мен өндірістер ғимараттың аса үлкен залдарында орналасады және қызметкерлер саны 100-ден асады.
5. «Назар аударыңыз» - жылжымалы механизмдер, станоктың қозғалмалы элементтері мен назар аударылатын машиналар қандай түспен боялады?
6. Жұмысты орындауға жұмсалатын уақытты кеміту, қызметкерлердің орынсыз жылжуларын болдырмау, персоналды орналастырудың қандай мақсаты болып табылады?
7. Шудың деңгейі – 300,,,,,800 Гц болса, бұл қандай жиілікке тән?
8. Бұл жағдайда структуралық бөлімшелер ғимараттың бөлек бір қабатында, ал бөлімдері мен қызметтері бөлек бөлмелерде орналасады.
9. Түстерді таңдағанда қандай тондарды пайдаланған жөн?

# Сабақты бекіту

## Сөйлемдерді жазып алыңыз.

Айсыз кеш қоңырқай ағаш үйдің қорасында қап-қараңғы боп тұнып қапты.

Бұл үйдегі барлық жайды қонақтарына орысша ұғындырған соң, Абай біраз тоқтап, қарсы алдындағы кесек денелі ұрыға көп қадалып қарады. (М.Ә.)

Осы жиынға сәлем айтқан – Зередей аналары екен.(М.Ә.)

Кеңсенің сыртындағы кішкене қақпадан кіріп, екі бөлмелі үйге келдік.

Ыстық шаңға құмыққан Байжан купенің терезесін қайта түсіріп жіберді.

# Үйге тапсырма

**Берілген анықтауыштарды құрылысына қарай топтастыр**

*Әйгілі, алғашқы, негізгі әсер етуші улы, жан қинаған көкжөтел, өмірлік маңызды, басқа, созылмалы бронхит, шетел*

Дара анықтауыш

Күрделі анықтауыш

Үйірлі анықтауыш

***НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!***

